



010000, Астанақаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:  
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

17.07.2023 № 2-01-23-57010

16.06.2023 ж. ЖТ-ҰЖ-010000-23-39235

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
М. Әбенов пен Д. Исабековқа**

### **Құрметті депутаттар!**

Бас прокуратура Халыққа қызмет көрсету орталықтарында (бұдан әрі - ХҚКО) екінші деңгейдегі банктер арқылы шетелдік азаматтарға жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН) беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетіліп жатқандығы туралы ақпараттың растығы жөніндегі депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ІІМ) мәліметіне сәйкес Ресей мен Украина арасындағы орын алған жағдайға байланысты біздің елге келушілер ағыны ұлғайып, (Ресейдегі мобилизация кезінде) ХҚКО-да қызмет көрсетуде жүктемелік байқалды.

Осыған баланысты Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы екінші деңгейдегі банктерге ЖСН-ді беру бойынша өтініштерді ХҚКО-нің ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді ұсынды.

Бұл ретте екінші деңгейлі банктерге тек өтініштер берілгені, ал түпкілікті шешімді ІІМ қабылдағаны көрсетілген.

ІІМ-нің ақпараты бойынша қазіргі уақытта екінші деңгейдегі банктер арқылы мұндай қызметті көрсету тоқтатылған.

Жоғарыдағылардың негізінде, аталған шешімнің заңдылығы зерделенуде. Нәтижесі қосымша хабарланатын болады.

**Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
орынбасары**

**Ж. Өмірәлиев**

орынд. Д. Аширбеков,  
тел. 7172609